

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2025 жылдың 30 қыркүйек күні өткен кезектен тыс педагогикалық кеңестің
хаттамасы

Төрайымы: А.Базарбаева

Хатшы: Н.Тілләбек

Қатысқаны: 24 мұғалім

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Мектептің мемлекеттік аттестаттауы аясында жүргізілген өзін-өзі бағалаудың қорытындысы туралы.

Тыңдалды:

1. Мектеп директоры А.Базарбаева Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2024 жылғы 24 қазандағы Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылы мемлекеттік аттестаттауға жатататын білім беру ұйымдарының тізімімен таныстырды. Осы бұйрықтарға сәйкес мектептің 2025 жылғы 29 тамыздағы «Мектептің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы» №61 бұйрығы негізінде білім беру қызметтерінің сапасын көтеру бойынша білім беру ұйымының қызметінің тиімділігін әділ талдау және өзіндік бағалау мақсатында мектептің өзін-өзі бағалауы 2025 жылдың 02 қыркүйектен 30 қыркүйекке дейін жүргізілгендігі туралы айтты. Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі бағыттар қаралды:

- 1) білім беру ұйымының мақсаты, міндеттері мен құндылықтар;
- 2) оқыту және білім беру;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Өзін-өзі бағалау материалдарының қорытынды талдауы 2023-2025 жылдарындағы барлық бағыттар бойынша мектеп қызметін көрсететін бөлімдерге жинақталды. Мектептің өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясы педагогикалық ұжымның ұйымдастырушылық, нормативтік-құқықтық, оқу-әдістемелік, тәрбие жұмысының және кадрмен қамтылу тиімділігіне өзіндік терең талдау жүргізді. Мектептің сараптамалық комиссиясы өзін-өзі бағалау материалдарын зерттей келе мынандай қорытындыға келді:

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» ЖШС-нің құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары: жарғысы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу

туралы анықтама, куәліктері бар, рұқсат беру құжаттары бар. Білім беру ұйымының оқу үдерісі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы талаптарына сәйкес келеді.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі 130 бұйрығына (бұдан әрі - №130 бұйрық) сәйкес оқу жылы басталғанға дейін тәрбие жұмысының жоспары, мектепті дамыту бағдарламасы, оқу-тәрбие жұмысының жоспары, мектепшілік бақылау жоспары, оқу жұмыс жоспарлары мектеп директорымен бекітілген, жоспарланған жұмыс талаптарға сай іске асырылған.

Білім беру ұйымының 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары және 2025-2026 оқу жылының қыркүйек айындағы педагогикалық қызметке сараптама жан-жақты жасалды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар сақталған. 2023-2024, 2024-2025 және 2025-2026 (1 ай) оқу жылдарында жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптары толығымен орындалған.

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» ЖШС-нің бағалау парағы

р/с	Бағалау өлшемшарттары	Білім беру ұйымына тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	Барлығы- 25 педагог Жоғары білімді – 22 Орта арнаулы білімді – 3 Жоғары педагогикалық білімі бар педагогтердің үлесі – 88%	3
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	Педагог-тағылымдамашы - 8 бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі -82,3%	3
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі -82,3%	3
4	"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны	Педагог шебер- Педагог-зерттеуші-3 Педагог-сарапшы-2 Педагог-модератор-9 Педагог-тағылымдамашы - 8 Санатсыз - 3 бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі- 35,8%	4

	лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі		
5	"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	Мектеп тек бастауыш сынып оқушыларына арналған	
6	Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы – 95%	4
7	Ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу)	Ғимаратта ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жағдай жасалған	5
8	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі	Білім алушылар оқулықтармен толығымен қамтамсыз етілген 100%	5
9	Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде)	Мектеп сыныптарының толықтырылуы талаптарға сәйкес	5
10	Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау)	Оң бағалар қорытындысы 100%	5
11	Білімалушылардың сауалнама нәтижелерін талдау (4-сынып)	85%	5
12	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	97,5%	5
13	Ата-аналардың (занды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау	95,4%	5
Балдардың жалпы сомасы: 52 балл «жақсы»			

Өзін-өзі бағалау комиссиясының шешімі бойынша «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» ЖШС-нің қызметінің нәтижелері «жақсы» деп бағаланды.

Қаулы:

- 1.Өзін-өзі бағалау өлшемшарттарының 4-қосымшасына сәйкес «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» ЖШС-нің қызметінің нәтижелері «жақсы» деп танылсын.
- 2.Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша тиісті құжаттар мектеп сайтына жүктелсін.

Төрайымы:  А.Базарбаева

Хатшы:  Т.Тілләбек